

**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты Болысбаева Айнура Канапиевнаның «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» атты ғылыми диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің**

### **ШІКІРІ**

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы діни үдерістердің ғылыми қызығушылық тудыратын және іргелі терең зерттеуді талап ететін бір саласы – әйел адамдардың діндарлығы мен діни бірегейлігі мәселесі. Еліміздегі діни дәстүрлер мен қоғамдық санадағы діни ұстанымдар мен құндылықтардың, діни дүниетанымның қайта жаңғыруы мұсылмандыққа бет бұрған әйел адамдар қатарының өсіп келе жатқанын аңғартады. А.К. Болысбаеваның диссертациялық зерттеу жұмысы қоғамның осы діни әлеуметтік тобында орын алып отырған діни бірегейленуі мәселесін қарастыруға арналған. Талқылауға және қорғауға ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігі бүгінгі күні елімізде орын алып отырған діни жаңғырумен, соның ішінде ислами ренессанспен, қоғамда мұсылман әйелдердің арасындағы белсенді діндарлыққа және діни практикаларды орындау мен діни сыртқы маркер – хиджабқа қатысты дискуссиялардың орын алуымен тікелей байланысты болып табылады.

Жалпы, диссертациялық жұмысын орындау барысында А.К. Болысбаева бірегейлік, соның ішінде діни бірегейлік мәселесін дінтанулық, психологиялық, әлеуметтанулық және философиялық бағыттар тарапынан қарастырып, мұсылмандық бірегейліктің негізін құраушы компоненттерді талдай келе діндарлықты өлшеудің классификацияларына тоқтала отырып, авторлық нұсқасы ұсынылған.

Ізденуші қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдағы негізгі теориялар мен концепцияларды зерттей отырып, шетелдік және отандық ғалымдардың әйелдердің арасындағы ислами біртектілікті зерттеуге арналған еңбектеріне қарастыра отырып, исламдағы әйелдің рөлі, мәртебесі және гендерлік теңдік сынды өзекті проблемаларды талқылайды.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мұсылман әйелдердің портретін құрастыру барысында диссертант архивтік фотосуреттердің негізінде қазақ қоғамындағы дін мен дәстүр арасындағы байланыстың жігін ашуға тырысқан. Бұл орайда қазақ әйеліне сай киім үлгілеріне талдау жасалып, хиджаб мәселесіне баса назар аударылған.

Сонымен бірге А.Болысбаева заманауи постсекулярлы қазақстандық қоғамдағы әйелдердің ислами біртектілігін жан-жақты зерттеу мақсатында Қазақстанның мұсылман әйелдерін қамтыған әлеуметтанулық зерттеу жүргізген. Бұл зерттеу барысында қазіргі социумдағы мұсылман әйелдердің діндарлығының деңгейі, соның ішінде діндарлықтың негізін құрайтын ритуалистік, тәжірибелік компоненттерге баса назар аударылған.

Аталған ғылыми жұмыстың бір бөлігі белсенді діндар әйелдерге арналған. Атап айтатын болсақ, аталған топқа жататын мұсылман әйелдердің арасында тереңдетілген сұхбат жүргізе отырып, намазхан болуының себептері, діндарлықтың өмір стиліне ықпалы зерттеледі. Одан бөлек деструктивті діндарлықтың, атап айтқанда экстремизмнің феминизациясы сынды бүгінгі заман талабына сай мәселе де талданған. Бұл орайда деструктивті діни ағымдардың қатарына бейім келетін әйелдің әлеуметтік-психологиялық портреті, әйелдердің раликализациясының кезеңдері және әйелдердің экстремистік ұйымдарда атқаратын функциялары қарастырылды. Осы ой-тұжырымдардың негізінде Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі процесіне талдау жасай отырып, болашақ перспективалары мен қауіп-қатерлері талқыланады.

Ғылыми жұмыста феноменологиялық, герменевтикалық және антропологиялық тәсілдемелермен қатар, анализ, синтез, классификациялау, құжаттарды талдау, әлеуметтанулық сұрау әдістері, нақтырақ айтқанда сауалнама және тереңдетілген сұхбат шебер қолданылған.

Жалпы диссертация жүйелі түрде, өзара байланысқа негізделген кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан тұрады. Ғылыми еңбектің мазмұны жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу барысында ізденуші әйелдердің ислами бірегейлігі феноменіне толыққанды анализ жасап, Қазақстандағы әйелдердің арасындағы мұсылмандық бірегейліктің дамуы процесінің перспективаларына жете тоқталып, соның ішінде қауіп-қатерлерді де ерекше бөліп көрсетіп, өзіндік шешу жолдарын ұсынады.

А.К.Болысбаеваның «Қазақстандағы мұсылман әйелдердің діни бірегейленуі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің «Ғылыми атақтар беру ережесінің» талаптарына сай орындалды. Диссертанттың еңбегін жоғары бағалай отырып, оны «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және қорғауға жіберуге ұсынамын.

**Ғылыми консультант**  
**Философия ғылымдарының докторы,**



**Қ.А.Затов**